

«М.А. Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана» - 2023.- Т.І, Ч.ІІ.- Б.153-155.

ӘОЖ 636.09.085

РАЦИОНЫНДА ЦЕОЛИТТИ ҚОЛДАНҒАН КЕЗДЕ ТАУЫҚТАРДЫҢ ЕТІН ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ-САНИТАРИЯЛЫҚ САРАПТАУ

*Нахатова Н.Қ., 2 курс магистранты,
Паритова А.Е., PhD, қауымдастық профессордың м.а
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана қ.*

Қазақстан халқына жолдауында «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – жаңа қалыптасқан мемлекеттің саяси бағыты» Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев ауыл шаруашылығын ауқымды жаңғырту қажеттігін, әсіресе ауыл шаруашылығы өнімдеріне әлемдік сұраныстың өсуі жағдайында атап өтті [1].

Барлық осы мәселелерді шешудің маңызды факторы рациондарда дәстүрлі емес азықтық қоспаларды пайдалану болып табылады. Әдебиет көздерінің мәліметтері бойынша құстың рационна вермикулитті қосқан кезде иммунобиологиялық реактивтілікке, ақуызды және минералды зат алмасуға, құс өнімділігіне және оның төзімділігіне әсер еткені белгілі [2-6].

Біздің жұмысымыздың негізгі мақсаты құс шаруашылығында отандық минерал негізіндегі азықтық қоспалардың ет сапасына әсер етуін зерттеу болып табылды.

Тауықтарды цеолит қосқан азықпен азықтандыру бойынша эксперименттік жұмыстар және рационна цеолит қосылған тауық етінің сапасын және қауіпсіздігін ветеринариялық-санитариялық сараптаудың жалпы қолданыстағы (сезімдік және физикалық-химиялық) әдістерімен анықтадық. Зерттеу объектісі ретінде 5% мөлшердегі цеолит, негізгі азық, ROSS 308 тұқымына жататын 42 күндік жас тауықтар қолданылды. Оларды 30 күн бойы арнайы дайындалған цеолит қосылған азықпен азықтандырдық. Барлығы 3 топ құрылды, 1 топ пен 2 топ тәжірибелік, 3 топ бақылау. Жалпы құс саны 15 тауық. Әр топта 5 тауықтан болды.

5% цеолит минералын тауықтардың рационна қолданған кезде тауық етінің сапасының жақсарғанын байқадық.

Зерттеу барысында келесідей көрсеткіштерге назар қойылды: тауық ұшалараның сезімдік көрсеткіштері, тауық етінің физико-химиялық көрсеткіштері және тауық етінің микробиологиялық көрсеткіштері.

Сою алдындағы және союдан кейінгі ветеринариялық-санитариялық бақылау тауық ұшалары мен ішкі мүшелерінде көрінетін патологиялық өзгерістер анықталған жоқ, қансыздану дәрежесі жақсы болды. Ішкі ағзаларды ветеринариялық-санитариялық бағаланда зерттелген құстардың барлық ішкі мүшелері қалыпты мөлшерде екенін көрсетті.

Минералды азық қоспасымен өсірілген тауықтардың ұшаларында бөгде иіс болмады, ұшалардың, май тіндерінің, кеуде-іш қуысының серозды қабықтарының сыртқы түрі бақылау тобының ұшаларымен салыстырғанда өзгерген жоқ. Бұлшық етті тілген кезде түсі бозғылт қызғылт түсті, сәл дымқыл, сүзгі қағазында дымқыл дақ қалдырмады. Етті пісірген кезде сорпа мөлдір, хош иісті, жағымды иісті болды. Бетінде май үлкен тамшылар түрінде жиналды. Нәтижелер 1-кестеде көрсетілген.

1 кесте -Зерттелген тауық етінің сезімдік көрсеткіштері

Көрсеткіш атауы	1-ші бақылау тобы, n=5	2-ші бақылау тобы, n=5	3-ші бақылау тобы, n=5
Түсі	Ақшыл-сары түсті қызғылт реңкпен, майсыз қаңқаларда сарғыш-сұр түсті қызғылт реңкті;	Ақшыл-сары түсті қызғылт реңкпен, майсыз қаңқаларда сарғыш-сұр түсті қызғылт реңкті;	Ақшыл-сары түсті қызғылт реңкпен, майсыз қаңқаларда сарғыш-сұр түсті қызғылт реңкті;
Еттің консистенциясы	Бұлшықеттер тығыз, серпімді, саусақпен басқан кезде орнына тез келді	Бұлшықеттер тығыз, серпімді, саусақпен басқан кезде орнына тез келді	Бұлшықеттер тығыз, серпімді, саусақпен басқан кезде орнына тез келді
Сорпасының мөлдірлігі мен иісі	Мөлдір және жағымды иісі бар	Мөлдір және жағымды иісі бар	Мөлдір және жағымды иісі бар
Иісі	Жаңа құс етіне тән ерекше	Жаңа құс етіне тән ерекше	Жаңа құс етіне тән ерекше
Тері асты майы	Ақшыл түсті, бөгде иіссіз	Ақшыл түсті, бөгде иіссіз	Ақшыл түсті, бөгде иіссіз

Зерттеу тобындағы тауық етінің рН мөлшері 5,75-5,98 болды, ал бақылау тобындағы рН мөлшері орта есеппен 6,15 болды.

2 кесте - Тауық етінің физико-химиялық көрсеткіштері

Көрсеткіш атауы	1-ші бақылау тобы, n=5	2-ші бақылау тобы, n=5	3-ші бақылау тобы, n=5
рН	5,75	5,78	6,12

Пероксидаза ферменті	Белсенді	Белсенді	Белсенді
Аминды-аммиакты азот	1,07±0,1	1,08±0,04	1,1±0,09
Аммиак және аммоний тұздары	-	-	-
ҰМҚ мөлшері	3,57±0,01	3,55± 0,01	3,90 ±0,01

Мезофильді аэробты және факультативті микроорганизмдердің (КМАФАнМ) санын агар ортаға себу арқылы анықтау кезінде гигиеналық норматив шегінде нәтижелер алынды $1,05 \cdot 10^5$ - $1,28 \cdot 10^5$, бұл зерттелген құстар етінің жоғары санитарлық сапасын көрсетті. Ал бақылау тобында $1,39 \cdot 10^5$ мөлшерде болды.

Патогендер, соның ішінде сальмонелла және *Listeria monocytogenes* 25 г өнімде бөлінбеді, бұл тағам өнімдерінің санитарлық-гигиеналық талаптарына сәйкес келді.

Еттің тағамдық құндылығы 100 г өнімде зерттеу тобындағы тауық етінде 143,0 ккал, ал бақылау тобында көрсеткіштер сәйкесінше 136,7 ккал болды.

Әдебиеттер тізімі

1 Послание Президента Республики Казахстан К.К. Токаева народу Казахстана «Справедливое государство. Единая нация. Благополучное общество»: новый политический курс состоявшегося государства» от 01 сентября 2022 г.

2 Abdigaliyeva T.B., Sarsembayeva N.B., Lozowicka B., Pietrzak-Fiecko R. Effects of supplementing laying hens` diets with vermiculite on morphometric parameters, chemical composition, fatty acid profile and eggs production [Text]/ Journal of Elementology.- 2017.-Vol.22(3). – P. 1117-1130.

3 Abdigaliyeva T.B., Sarsembayeva N.B., Lozowicka B., Ussenbayev A.I., Dzhangabulova A. Effects of diets with vermiculite on performance, meat morphological parameters of broiler chickens [Text]/ Journal of Pharmaceutical Sciences and Research. - 2017. -Vol.99(5). – P. 745-750.

4 Attia Y.A., Egg Production and Quality, Lipid Metabolites, Antioxidant Status and Immune Response of Laying Hens Fed Diets with Various Levels of Soaked Flax Seed Meal. [Text]/ Al-Harhi M.A., Sagan A.A.A., Abdulsalam N.M., Hussein E.O.S., Olal M.J. // Agriculture. – 2022. – 12. P. 1402. <https://doi.org/10.3390/agriculture12091402>

5 Fendri I., Influence of Zeolite on fatty acid composition and egg quality in Tunisian Laying Hens. [Text]/ Khannous L., Mallek Z., Traore A.I., Gharsallah N., Gdoura R //Lipids Health Dis. – 2012. -№ 11. – P.71. doi: 10.1186/1476-511X-11-71. PMID: 22676421; PMCID: PMC3473238.

6 Shariatmadari F. The application of zeolite in poultry production [Text]/ World's Poultry Science Journal. – 2008. - 64(1). PP.76-84. doi:10.1017/S0043933907001730